**Инновация және қызмет көрсету статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 21 қаңтардағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 қаңтарда № 19914 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 36) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 22) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.07.2023 № 10 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) "Инновациялық қызмет туралы есеп" (индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Инновациялық қызмет туралы есеп" (индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 24.08.2022 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 24.08.2022 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) "Көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есеп" (индексі 2-қызмет көрсету, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) "Көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есеп"(индексі 2-қызмет көрсету, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) "Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп" (индексі 2-қызмет көрсету, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп" (индексі 2-қызмет көрсету, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) "Көрсетілген IT қызметтердің көлемі туралы есеп" (индексі 2-қызмет көрсету (IT), кезеңділігі жылдық)" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) "Көрсетілген IT қызметтердің көлемі туралы есеп" (индексі 2-қызмет көрсету (IT), кезеңділігі жылдық)" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес

11) "Лизингтік қызмет туралы есеп", (индексі 1-лизинг, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

12) "Лизингтік қызмет туралы есеп" (индексі 1-лизинг, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулықты осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес бектілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 22.11.2021 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.07.2023 № 10 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. "Инновация және қызмет көрсету статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 8 қарашадағы № 159 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16053 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 22 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға* *Н. Айдапкелов*

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 21 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 24.08.2022 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики
Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 1
к приказу Председателя Комитета
по статистике Министерства
национальной экономики
Республики Казахстан
от "21" января 2020 года № 5

**Инновациялық қызмет туралы есеп Отчет об инновационной деятельности**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Индексі<br>Индекс | 1-инновация | жылдық<br>годовая | есепті кезең<br>отчетный<br>период |   | жыл<br>год | деятельности |

**Негізгі қызмет түрі Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 58-63, 64-66, 71-74, 85.4, 86 кодтарына сәйкес саны 100 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері – жаппай әдіспен, саны 100 адамға дейінгілер – іріктемелі әдіспен және инновациялық қызметті жүзеге асыратын, экономикалық қызмет түріне қатыссыз ұйымдар тізім бойынша ұсынады**

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с численностью свыше 100 человек – сплошным методом, численностью до 100 человек – выборочным методом с основным видом экономической деятельности согласно кодам Общего классификатора видов

экономической деятельности 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 58-63, 64-66, 71-74, 85.4, 86 и организаций, независимо от вида экономической деятельности, осуществлявшие инновационную деятельность по списку

**Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 25 ақпанға (қоса алғанда) дейін**

Срок представления – до 25 февраля (включительно) после отчетного периода

| | | | | | | | | | | | БСН коды<br>код БИН |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

**1. Ұйымның инновациялық қызметті жүзеге асырған нақты орнын көрсетіңіз (ұйымның тіркелген жеріне қарамастан) - облыс, қала, аудан, елді мекен**
Укажите фактическое место осуществления инновационной деятельности организации ( независимо от места регистрации организации) - область, город, район, населенный пункт

**1.1 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ код (респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)**
Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов ( заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при представлении респондентом на бумажном носителе )

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

## 2. Ұйым туралы негізгі ақпарат

Основная информация об организации

### 2.1 Есепті кезең соңына қызметкерлердің жалпы саны

Общая численность работников на конец отчетного периода ________________ адам/ человек

### 2.2 Сіздің ұйымда соңғы үш жыл ішінде инновациялардың қандай түрлері болды?

Какие типы инноваций имела Ваша организация в течение последних трех лет?

### 2.2.1 Өнімдік инновациялар

Продуктовые инновации

| | |
|---|---|
| **2.2.1.1 Қандай инновациялар көрсетіңіз**<br>Укажите какие инновации______________________<br>______________________________<br>__________________________________________<br>______________________________ | ☐ |
| 2.2.2 Бизнес-процестер инновациясы<br>Инновация бизнес-процессов<br>**2.2.2.1 Қандай инновациялар көрсетіңіз**<br>Укажите какие инновации______________________<br>______________________________<br>__________________________________________<br>____________________________ | ☐ |
| | |

| | |
|---|---|
| **2.2.3 Инновациялық қызметті жүзеге асырған жоқ**<br>Не осуществляла инновационную деятельность | ☐ |

**Инновациялар болмаған жағдайда 6-сұраққа өту**

В случае отсутствия инноваций переход к вопросу 6

**2.3 Сіздің ұйым соңғы үш жылда инновацияның келесі түрлері бойынша экологиялық инновацияға ие болды ма?**

Имела ли Ваша организация за последние три года экологические инновации в рамках следующих типов инноваций?

**2.3.1 Өнімдік инновациялар**

Продуктовые инновации

☐

**2.3.1.1 Қандай экологиялық инновациялар екенін көрсетіңіз**

Укажите какие экологические инновации ____________________________________________

_

_______________________________________________________________________________

_

**2.3.2 Бизнес-процестер инновациясы**

Инновация бизнес-процессов

☐

**2.3.2.1 Қандай экологиялық инновациялар екенін көрсетіңіз**

Укажите какие экологические инновации ____________________________________________

_

_______________________________________________________________________________

__

**2.3.3 Жоқ**

Нет

☐

**3. Өнімдік инновация**

Продуктовая инновация

**3.1 Сіз соңғы үш жыл ішінде мыналарды енгіздіңіз бе**

Внедряли ли Вы за последние три года

**Тауарлар Көрсетілетін қызметтер**

Товары Услуги

3.**1.1 Жаңа немесе едәуір жетілдірілген**

☐

☐

Новые или значительно усовершенствованные

**3.1.2 Жетілдіруге ұшыраған**

☐
☐

Подвергавшиеся усовершенствованию

**3.1.3 Өзге де инновациялық**

☐
☐

Прочие инновационные

**3.2 Инновациялық өнімді кім әзірледі?**

Кем разработана инновационная продукция?

**Тауарлар Көрсетілетін қызметтер**

Товары Услуг

**3.2.1 Ұйымның өзі**

☐
☐

Самой организацией

**3.2.2 Басқа ұйымдармен бірлесіп**

☐
☐

Совместно с другими организациями

**3.2.3 Басқа ұйымдар құрған инновацияны жетілдіру**

☐
☐

Усовершенствовано созданное другими организациями

**3.2.4 Басқа ұйымдар**

☐
☐

Другими организациями

**3.3 Есепті жылы инновациялық өнімдердің (тауарлар және көрсетілетін қызмет) көлемін көрсетіңіз**

Укажите объем инновационной продукции (товаров и услуг) в отчетном году _____ __________ мың теңге/ тысяч тенге

**3.4 Өткізілген инновациялық өнімдердің (тауарлар және көрсетілетін қызмет) көлемін көрсетіңіз, мың теңге**

Укажите объем реализованной инновационной продукции (товаров и услуг), тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштің атауы<br>Наименования показателя | Барлығы<br>Всего | 1-бағаннан экспортқа жіберілгені<br>Из графы 1 поставленный на экспорт |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | Барлығы<br>Всего | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | Х | Х |
| 1.1 | Сіздің тауар (көрсетілетін қызмет) нарығыңыз үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлар ( көрсетілген қызметтер) новые или значительно усовершенствованные товары (услуги), которые являются новыми для Вашего рынка товаров ( услуг) | | |
| 1.2 | Сіздің ұйымыңыз үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлар ( көрсетілген қызметтер) новые или значительно усовершенствованные товары (услуги), которые являются новыми для Вашей организации | | |

**4. Бизнес-процестер инновациясы**

Инновация бизнес-процессов

**4.1 Сіз соңғы үш жылда жаңа немесе едәуір жетілдірілген бизнес-процестер инновациясын енгіздіңіз бе?**

Внедряли ли Вы за последние три года новую или значительно усовершенствованную инновацию бизнес-процессов?

| | | Иә<br>Да | Жоқ<br>Нет |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4.1.1 | Тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өндіру әдісі<br>Метод производства товаров (услуг) | ☐ | ☐ |
| 4.1.2 | Тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу логистикасы, жеткізу немесе өткізу әдістері<br>Логистику, доставку или методы реализации товаров (услуг) | ☐ | ☐ |
| 4.1.3 | Маркетинг, тауарларды ( көрсетілген қызметтерді) өткізу әдістеріжәне сервистік қолдау<br>Маркетинг, методы реализации товаров ( услуг) и сервисная поддержка | ☐ | ☐ |
| 4.1.4 | Ақпараттық-коммуникациялық жүйелер<br>Информационно-коммуникационные системы | ☐ | ☐ |
| 4.1.5 | Әкімшілендіру және менеджмент<br>Администрирование и менеджмент | ☐ | ☐ |
| 4.1.6 | Өнімдерді және бизнес-процестерді әзірлеу<br>Разработка продуктов и бизнес-процессов | ☐ | ☐ |
| 4.1.7 | Басқа әдістер<br>Другие методы | ☐ | ☐ |
| 4.2 | Бизнес-процестер инновациясын кім әзірледі?<br>Кем разработана инновация бизнес-процессов? | | |
| 4.2.1 | Ұйымның өзі<br>Самой организацией | | ☐ |
| 4.2.2 | Басқа ұйымдармен бірлесіп<br>Совместно с другими организациями | | ☐ |
| 4.2.3 | Басқа ұйымдар құрған инновацияны жетілдіру | | ☐ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Усовершенствовано созданное другими организациями | | |
| 4.2.4 | Басқа ұйымдар<br>Другими организациями | | ☐ |

**5. Үш жылдағы инновациялық қызмет және есепті жылдағы өнімдік және бизнес-процестер инновациясына шығыстар**

Инновационная деятельность за три года и расходы на продуктовые инновации и инновацию бизнес-процесов в отчетном году

**5.1 Соңғы үш жыл ішінде Сіздің ұйымыңыз өнімдік инновацияны және бизнес-процестер инновациясын құру үшін келесі қызметті жүзеге асырды:**

В течение последних трех лет Ваша организация осуществляла следующую деятельность по созданию продуктовых инноваций и инноваций бизнес-процессов:

**5.1.1 Ішкі ҒЗТКЖ[1]**

Внутренние НИОКР[1]

| | | | |
|---|---|---|---|
| Иә<br>Да | ☐ | Жоқ<br>Нет | ☐ |
| 5.1.1.1 Үнемі<br>Постоянно | ☐ | 5.1.1.2 Кейде<br>Иногда | ☐ |
| 5.1.2 Сыртқы ҒЗТКЖ<br>Внешние НИОКР | | | |
| Иә<br>Да | ☐ | Жоқ<br>Нет | ☐ |

**Ескертпе:**

Примечание:

[1] **Мұнда және бұдан әрі ҒЗТКЖ – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар**

[1] Здесь и далее НИОКР – научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы

**5.1.3 Заманауи машиналарды, жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді және басқа да күрделі тауарларды сатып алу (ҒЗТКЖ үшін жұмсалған шығындардан басқа)**

Приобретение современных машин, оборудования, программного обеспечения и других капитальных товаров (за исключением затрат для НИОКР)

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Иә**<br>Да | ☐ | Жоқ<br>Нет | ☐ |
| **5.1.4 Білімді сыртқы көздерден алу**<br>Приобретение знаний из внешних источников | | | |
| **Иә**<br>Да | ☐ | Жоқ<br>Нет | ☐ |

**5.1.5 Инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін оқыту**
Обучение для осуществления инновационной деятельности

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Иә**<br>Да | ☐ | Жоқ<br>Нет | ☐ |

**5.1.6 Инновацияны нарыққа енгізу және шығару**
Внедрение и вывод инноваций на рынок

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Иә**<br>Да | ☐ | Жоқ<br>Нет | ☐ |

**5.1.7 Дизайн әзірлеу**
Разработка дизайна

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Иә**<br>Да | ☐ | Жоқ<br>Нет | ☐ |

**5.1.8 Инновациялық қызметтің басқа түрлері**

Другие виды инновационной деятельности ______________________________________
__

**5.2 Инновацияларды жүзеге асыруға жұмсалған шығындардың сомасын көрсетіңіз, мың теңге**

Укажите сумму затрат на осуществление инноваций, тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштің атауы<br>Наименования показателя | Өнімдік инновациялар<br>Продуктовые инноваций | Бизнес-процестер инновациясы<br>Инновация бизнес-процессов |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | Барлығы<br>Всего | | |
| | оның ішінде<br>в том числе | Х | Х |
| 1.1 | ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар (ағымдағы шығындар (еңбекақы төлемдері және арнайы ҒЗТКЖ-ға арналған жабдықтар мен ғимараттарға жұмсалған күрделі салымдар)<br>Внутренние затраты на НИОКР (текущие затраты (оплата труда и капитальные вложения в здания и оборудование, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | специально предназначенные для НИОКР) | | |
| 1.2 | ҒЗТКЖ-ға сыртқы шығындар<br>Внешние затраты на НИОКР | | |
| 1.3 | Заманауи машиналарды, жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді және басқа да күрделі өнімдерді сатып алу ( ҒЗТКЖ үшін жұмсалған шығыстардан басқа)<br>Приобретение современных машин, оборудования, программного обеспечения и других капитальных товаров (за исключением затрат для НИОКР) | | |
| 1.4 | Білімді сыртқы көздерден сатып алу<br>Приобретение знаний из внешних источников | | |
| 1.5 | Оқыту, жобалау, маркетингтік зерттеу және басқа да тиісті іс-шаралар<br>Проектирование, маркетинговое исследование, обучение и другие соответствующие мероприятия | | |
| 1.6 | Өзге де инновациялық шығыстар<br>Прочие инновационные расходы | | |
| 2 | Экологиялық инновацияларға жұмсалған шығындар (1 жолдан)<br>Затраты на экологические инновации (из строки 1) | | |

**5.3 Инновацияны ендіруге байланысты кәсіпорынның шығысы қаншаға азайды?**

За счет внедрения инноваций на сколько сократились расходы предприятия?

| 0% | 1-24% | 25-50% | 51-100% | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| ☐ | ☐ | ☐ | | ☐ |
|---|---|---|---|---|

**5.4 Инновацияны ендіруге байланысты кәсіпорынның шығысы қаншаға көбейді?**

За счет внедрения инноваций на сколько увеличились доходы предприятия?

| 0% | 1-24% | 25-50% | 51-100% | |
|---|---|---|---|---|
| ☐ | ☐ | ☐ | | ☐ |

**5.5 Қаржыландыру көздері бойынша инновацияларды жүзеге асыруға жұмсалған шығындар сомасын көрсетіңіз, мың теңге**

Укажите сумму затрат на осуществление инноваций по источникам финансирования, тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштің атауы<br>Наименование показателя | Барлығы<br>Всего |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Барлығы<br>Всего | |
| | оның ішінде<br>в том числе | X |
| 1.1 | меншікті қаражат<br>собственные средства | |
| 1.2 | республикалық бюджет<br>республиканский бюджет | |
| 1.2.1 | олардан даму институттары<br>из них институты развития | |
| 1.2.1.1 | олардан инновациялық гранттар<br>из них инновационные гранты | |
| 1.3 | жергілікті бюджет<br>местный бюджет | |
| 1.4 | шетелдік қаражаттар<br>иностранные средства | |
| 1.5 | өзге де қаражаттар<br>прочие средства | |
| | оның ішінде<br>в том числе | |
| 1.5.1 | банк қарыздары<br>займы банков | |
| 1.5.1.1 | олардан жеңілдікті шарттармен кредиттер мен қарыздар<br>из них кредиты и займы на льготных условиях | |
| 1.5.2 | заңды тұлғалардың қаражаттары ( даму институттарынан басқа)<br>средства юридических лиц (кроме институтов развития) | |
| 1.5.3 | венчурлік қорлар<br>венчурные фонды | |

**6. Соңғы үш жыл ішінде Сіздің кәсіпорындарыңызда инновациялық қызметтің жүзеге асырылмауының негізгі себептерінің бірін көрсетіңіз**

Укажите одну из основных причин, по которой в Вашей организации не осуществлялась инновационная деятельность в течение последних трех лет

| | |
|---|---|
| 6.1 Қаржы қаражатының жетіспеушілігі<br>Недостаток финансовых средств | ☐ |
| 6.2 Сыртқы қаржыландыру көздерінен қаржы қаражатының жетіспеушілігі<br>Недостаток финансовых средств из внешних источников финансирования | ☐ |
| 6.3 Инновациялық шығындардың өте жоғары болуы<br>Инновационные затраты слишком высоки | ☐ |
| 6.4 Білікті персоналдың жетіспеушілігі<br>Нехватка компетентного персонала | ☐ |
| 6.5 Технологиялар туралы ақпарат жоқ<br>Отсутствие информации о технологиях | ☐ |
| 6.6 Нарық туралы ақпарат жоқ<br>Отсутствие информации о рынках | ☐ |
| 6.7 Инновация үшін серіктес табудың күрделілігі<br>Сложность в поиске партнеров для инноваций | ☐ |
| 6.8 Нарықтағы бар кәсіпорынның үстемдігі<br>Доминирование существующих предприятий на рынке | ☐ |
| 6.9 Инновациялық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге сұраныстың белгісіздігі<br>Неопределенность спроса на инновационные товары или услуги | ☐ |
| 6.10 Бұрынғы инновациялар салдарынан қажеттіліктің туындамауы<br>Нет необходимости вследствие более ранних инноваций | ☐ |
| 6.11 Сұраныстың болмауынан инновацияға қажеттілік жоқ<br>Нет необходимости из-за отсутствия спроса на инновации | ☐ |
| 6.12 Басқа (көрсетіңіз)<br>Другое (укажите)______________________________ | ☐ |

__________________________________

**7. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен ( қажеттісін қоршаңыз)**

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |
| до 1 часа | | | | | более 40 часов |

Атауы Мекенжайы (респонденттің)

Наименование ______________________ Адрес (респондента) ____________________

______________________________________ ______________________________

Телефоны (респонденттің)

Телефон (респондента) ____________________________ ____________________________

стационарлық ұялы

стационарный мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) ________________________________________

Орындаушы

Исполнитель ________________________________________ __________________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының)

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Главный бухгалтер или лицо,

исполняющее его обязанности ___________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо,

исполняющее его обязанности ________________________________ _________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 21 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
2-қосымша

**"Инновациялық қызмет туралы есеп" (индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 24.08.2022 № 17 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы нұсқаулық "Инновациялық қызмет туралы есеп" (индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысанын) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта келесі анықтама пайдаланылады:

ғылыми зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер.

3. Инновациялық қызмет идеяларды нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген өнімге, практикалық қызметте пайдаланылған жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процеске трансформациялауға байланысты қызмет түрі, жиынтығында инновацияға алып келетін ғылыми-техникалық, ұйымдық, қаржылық және коммерциялық іс-шаралар кешенін көздейтін әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге бастайтын жаңа тәсілді білдіреді.

Өнім (тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер) енгізілген сәтінен бастап үш жыл ішінде инновациялық болып саналады.

4. 2-бөлімнің 2.1-жолында есепті кезеңде ұйымдардың тізімдерінде есепте тұрған, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыс істейтін және жұмыс берушінің актілерін орындайтын барлық қызметкерлер, сондай-ақ қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар жататын қызметкерлердің тізімдік саны көрсетіледі.

2-бөлімнің 2.3.1-жолында өнімдік инновацияға техникалық сипаттамаларда, компоненттерде және материалдарда, кіріктірілген бағдарламалық қамтамасыз етуде, пайдаланушыға қатысты достастық дәрежесінде немесе басқа да функционалдық

сипаттамаларда елеулі жетілдірулерді қоса алғанда, олардың қасиеттері немесе пайдалану тәсілдері бөлігінде жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған болып табылатын тауарды немесе қызметті енгізу жатады.

2-бөлімнің 2.3.2-жолында бизнес-процестер инновацияларына фирманың алдыңғы өнімдерінен немесе бизнес-процестерінен айтарлықтай ерекшеленетін және фирма нарыққа енгізген немесе пайдалануға берген жаңа немесе жетілдірілген өнім немесе бизнес-процесс (немесе екеуінің комбинациясы) жатады.

5. 2-бөлімнің 3.4-жолында тауар (көрсетілетін қызмет) нарығы және (немесе) ұйым үшін жаңа болып табылатын өткізілген инновациялық (тауар, көрсетілетін қызмет) өнімнің көлемі көрсетіледі. Өткізілген инновациялық өнімнің жалпы көлемі 1.1 және 1.2-жолдардың қосындысынан тұрады.

2-бөлімнің 1.1 және 1.2-жолдарында есепті жылы өткізілген инновациялық өнім ( тауарлар, көрсетілетін қызметтердің) көлемі – тауар нарығы үшін немесе ұйымы үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тиеп жөнелтілген көлемі көрсетіледі.

Сипаттамасы немесе мақсаты бойынша ұйым бұрын өндірген өнімдерден едәуір ерекшеленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер жаңа өнімдер болып есептеледі. Жаңа технологиялар пайдаланылған жаңа өнімдер алғашқы микропроцессорлар немесе сандық фотоаппараттар деп есептеледі.

Егер енгізілген тауар немесе көрсетілетін қызмет тауар нарығы үшін жаңа болып табылатын болса, онда аталған тауардың немесе көрсетілетін қызметтің өткізілген көлемі тек 1.1-жолда көрсетіледі, ал 1.2-жолда көрсетілмейді, өйткені тауар ұйым үшін ғана жаңа емес. 1.2-жолда тауар нарығы үшін жаңа емес, бірақ ұйым үшін ғана инновациялық болып табылатын тауарды немесе қызметтерді өткізу көлемі көрсетіледі . Сәйкесінше, осы жолдардағы деректер қайталанбауы тиіс.

6. 4-бөлімнің 4.1-тармағы 4.1.1-жолында тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер өндіруде (өндіріс желісінде жаңа автоматтандырылған жабдықты орнату немесе жобалық-конструкторлық жұмыстарды компьютерлендіру) қолданылатын технологиялық рәсімдер, жабдықтар және бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитын тауарларды (көрсетілетін қызметті) өндіру тәсілдері көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.2-жолында фирманың логистикасын қозғайтын және шығыс материалдарымен жабдықтауда, фирмаішілік жабдықтауда және түпкілікті өнімді жеткізуде пайдаланылатын жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологияны біріктіретін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) жеткізу әдістері немесе өткізу әдістері (штрих-код арқылы тауарлардың орын ауыстыруын есепке алуды немесе көлік құралдарының орын ауыстыруын қадағалауда белсенді радиожиілік жүйесін енгізу) көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.3-жолында жарнаманы (өнімді ілгерілету және орналастыру, өнімді орау), тікелей маркетингті, көрмелер мен жәрмеңкелерді, маркетингтік зерттеулерді

және жаңа нарықтарды игеру жөніндегі басқа да іс-шараларды қоса алғанда, маркетингтік әдістер көрсетіледі. Бұдан басқа баға белгілеудің стратегиялары мен әдістері, сондай-ақ қолдау қызметінің жұмысы және клиенттерді қолдау жөніндегі басқа да іс-шаралар көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.4-жолында аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету; деректер мен дерекқорды өңдеу; техникалық қызмет көрсету және жөндеу; веб-хостинг және компьютерлік ақпаратпен байланысты басқа да қызмет түрлерін қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.5-жолында жұмыс міндеттерін ұйымдастыруды қоса алғанда, бизнесті стратегиялық және жалпы басқару; корпоративтік басқару (заң, жоспарлау және жұртшылықпен байланыс); бухгалтерлік есеп, аудит, төлемдер және басқа да қаржылық немесе сақтандыру операциялары; адами ресурстарды басқару (оқыту, персоналды іріктеу, жұмыс орындарын ұйымдастыру және басқалар); сатып алу; сыртқы ұйымдармен қарым-қатынасты басқару бойынша әдістер көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.6-жолында кәсіпорынның өнімдерін немесе бизнес-процестерін айқындау, әзірлеу және бейімдеу жөніндегі қызмет көрсетіледі. Бұл қызмет жүйелі немесе бір реттік негізде жүзеге асырылуы мүмкін және кәсіпорын ішінде жүзеге асырылуы немесе сыртқы көздерден алынуы мүмкін.

7. 5-бөлімде үш жылға инновациялық қызметтер және өнімдік және бизнес-процестік инновацияларды құруға жұмсалған есепті жылдағы шығыстар көрсетіледі.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) адам, мәдениет және қоғам туралы білімді қоса алғанда білім қорын арттыру мақсатында жүйелі түрде жүргізілетін және осы білімді пайдалану тәсілдерін жоспарлау туралы шығармашылық жұмысты қамтиды.

5-бөлімнің 5.1.1-жолында ұйымның өзі орындайтын, ҒЗТКЖ-ға жатқызылатын барлық ішкі ҒЗТКЖ-ның нақты бары немесе жоғы көрсетіледі.

5-бөлімнің 5.1.2-жолында ұйымның шегінен тыс сатып алынған ҒЗТКЖ-ның нақты бары көрсетіледі. Бұл басқа ұйымдар немесе мемлекеттік, жеке ғылыми-зерттеу институттары жүргізген ҒЗТКЖ-лардың сатып алынуы.

5-бөлімнің 5.1.3-жолында ұйымның азық-түлік және бизнес-процесс инновацияларын жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін заманауи машиналарды, жабдықтар мен жер учаскелері мен ғимараттарды сатып алуды қамтитын іргелі тауарларды сатып алу жөніндегі қызметі көрсетіледі, бұған ҒЗТКЖ-да ескерілмеген елеулі жақсартулар, қайта жасау және жөндеу кіреді.

5-бөлімнің 5.1.4-жолында инновацияны әзірлеу және енгізуге байланысты әртүрлі қалыптағы және әртүрлі көздерден алынған технологиялар мен ноу-хаулар көрсетіледі. Сатып алынатын сыртқы білімдер мен технологиялар патенттер, патентсіз

өнертабыстар, лицензиялар, ашық ноу-хаулар, сауда таңбалары, техникалық жобалар мен үлгілер нысанында болады, сондай-ақ өнімдік және бизнес-процестік инновацияларды дайындау және жүзеге асыру үшін компьютерлік және басқа да ғылыми-техникалық қызметтерді қамтиды.

5-бөлімнің 5.1.5-жолында өнімдік және бизнес-процестік инновацияларды құру бойынша инновациялық қызметтерге қатысты кадрларды дайындау және оқыту іс-шаралары көрсетіледі. Бұл жолда ҒЗТКЖ-да ескерілген оқыту түрлері көрсетілмейді. Сонымен қатар жаңадан қабылданған қызметкерлерді өндірістің қалыптасқан әдістеріне оқыту, жекелеген адамдардың жалпы біліктілігін арттыру сияқты оқытулар инновациялық қызмет болып табылмайтыны ескеріледі.

5-бөлімнің 5.1.6-жолында нарыққа жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарларды және көрсетілетін қызметтерді шығару үшін нарықты алдын ала зерттеу, маркетингтік сынақтар және жарнамалық науқанды іске қосу ескеріледі.

5-бөлімнің 5.1.7-жолында өнімдік инновацияның контексінде өнімнің дизайны көрсетіледі. Бұл жағдайда оның техникалық ерекшеліктеріндегі, тұтынушылық және функционалдық сипаттамасындағы өзгерістер дизайнға жатады, яғни, өнімнің функционалдық сипаттамаларындағы немесе пайдаланудың болжалды әдістерінің айтарлықтай жақсаруы.

5.2-бөлімде өнімдік және бизнес-процестер инновацияларын құруға жұмсалған шығындар көрсетіледі.

5.2-бөлімнің 1.1-жолында 5.1.1-тармақта көрсетілген ішкі ҒЗТКЖ-ны орындауға жұмсалған шығындар сомасы көрсетіледі.

5.2-бөлімнің 1.2-жолында 5.1.2-тармақта көрсетілген сыртқы ҒЗТКЖ-ға кеткен шығындар сомасы, 5.2-бөлімнің 1.3-жолында 5.1.3-тармақта көрсетілген, тауарларды және жабдықтарды сатып алуға кеткен шығындар сомасы көрсетіледі.

5.2-бөлімнің 1.4-жолында 5.1.4-тармақта көрсетілген, сыртқы көздерден білімді сатып алуға кеткен шығындар сомасы көрсетіледі, 5.2-бөлімнің 1.5-жолында жобалау, сынақтан өткізу және бағалау, жөндеу және инжиниринг сияқты жаңа өнімдер және бизнес процестерді құруды жоспарлаудың дайындық кезеңдері көрсетіледі. Осы шығындарға жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа енгізу үшін нарықты алдын-ала зерттеу, маркетингтік сынақтан өткізу және жарнамалық науқанды жүргізу жатқызылады. Кадрларды оқыту мен даярлау өнімдік және бизнес процестік инновацияларды құру бойынша инновациялық қызметтің түрі болып табылады. Мұнда ҒЗТКЖ жолында ескерілген оқыту түрлері есепке алынбайды. Жаңадан қабылданған қызметкерлерді өндірістің қалыптасқан әдістеріне оқыту, жекелеген адамдардың жалпы біліктілігін арттыру инновациялық қызмет болып табылмайды.

8. 5.5-бөлімде инновацияға қаржыландыру көздері бойынша инновацияларға жұмсалған көлемі көрсетіледі. Мұнда күрделі және ағымдағы шығындар ескеріледі.

Ағымдағы инновациялық шығыстар еңбекке жұмсалған шығындардан және өзге де ағымдағы шығындардан тұрады.

Еңбекке жұмсалған шығындар жыл сайынғы жалақы төлеуге кеткен шығындарды және осыған қатысты сыйақы және демалыс ақысы төлемдері, зейнетақы қорына аударымдар және өзге де әлеуметтік сақтандырулар, жалақыдан салықтар және басқалары сияқты барлық қосымша төлемдерді қамтиды. Инновациялық қызметке тартылмаған жұмысшылар персоналының (күзет, қосалқы персонал) еңбегіне кеткен шығындар бұл айқындамадан алынып тасталады және өзге ағымдағы шығыстар ретінде есепке алынады.

Ағымдағы өзге де шығындарға есепті жылы ұйымдағы инновациялық қызметті қамтамасыз ету үшін материалдарды сатып алуға және жеткізуге, көрсетілетін қызметтер мен жабдықтарға жұмсалған күрделі емес шығындар кіреді.

Инновацияға салынған күрделі шығындар ішкі ҒЗТКЖ-ға кеткен шығындарды қамтиды, бұл тиісінше машиналарды, жабдықтарды және басқа да күрделі тауарларды сатып алу.

Инновацияға жұмсалған шығындарды қаржыландыру көздері – басынан бастап осы мақсаттарға (ағымдағы және күрделі шығындарға қолданылатын) арналған және нақты пайдаланылған қаражаттарды тапсырыс берушіден орындаушыға тікелей беру өлшемшарттары бойынша анықталатын инновациялық қызметті жүзеге асыруға ақшалай қаражаттардың алғашқы көздері. Қаржыландыру көздерінің құрамында: инновацияны жүзеге асыратын ұйымның меншікті қаражаттары, республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары, шетелдік қаражаттар – ұйымның (кәсіпорын) мемлекеттің саяси емес шекараларында орналасқан заңды және жеке тұлғалардан, сонымен қатар халықаралық ұйымдардан алынатын қаражаттар, өзге де қаражаттар – банктердің қарыздары, заңды тұлғалардың қаражаттары (дамыту институттарынан басқа), венчурлық қорлар қарастырылады.

5.5-бөлімнің 1.2.1.1-жолында инновациялық грантты ұсынудың басым бағыттары шеңберінде индустриалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін индустриалды-инновациялық қызмет субъектілеріне қайтарымсыз негізде ұсынылатын бюджет қаражаттары көрсетіледі.

9. Осы статистикалық нысанды тапсыру электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған "Респонденттің кабинеті" арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

10. Арифметикалық-логикалық бақылау:

5.2-бөлім:

1-жол = ∑ 1.1 – 1.6-жолдарға;

строка 1 ≥ строки 2.

5.5-бөлім:

1-жол = ∑ 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5-жолдар;

1.2-жол ≥ 1.2.1-жол;

1.2.1-жол ≥ 1.2.1.1-жол;

1.5-жол ≥ 1.5.1-жол;

1.5.1-жол ≥ 1.5.1.1-жол;

1.5-жол ≥ ∑ 1.5.1, 1.5.2, 1.5.3-жолдар.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 21 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 24.08.2022 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 21 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
4-қосымша

**"Лизингтік қызмет туралы есеп" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (индексі 1-лизинг, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 24.08.2022 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 21 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
5-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

**Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді**

Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

**Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны**

Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 5 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от от 21 января 2020 года № 5

## Көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есеп Отчет об объеме оказанных услуг

Индексі Индекс 2-қызмет көрсету 2-услуги тоқсандық квартальная есепті кезең отчетный период жыл год

Экономикалық қызметінің негізгі түрі Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 58-60, 62, 63 , 64.20.0, 68-75, 77, 78, 80-82, 90-93, 95, 96 кодтарына жататын сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) қызметкерлерінің саны 100-ден жоғары олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ іріктемеге түскен қызметкерлерінің саны 100 адамға дейін заңды тұлғалар ұсынады

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с численностью работников свыше 100 человек, а также попавшие в выборку юридические лица с численностью работников до 100 человек, основной вид экономической деятельности которых относится к кодам Общего классификатора видов экономической деятельности 58-60, 62, 63, 64.20.0, 68-75, 77, 78, 80-82, 90-93, 95, 96

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 25 күнге (қоса алғанда) дейін

Срок представления – до 25 числа (включительно) после отчетного периода

БСН коды
код БИН

1. Қызмет көрсетілген өңірді көрсетіңіз (облыс, қала, аудан)
Укажите регион оказания услуг (область, город, район)

1.1 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (ӘАОЖ) (респондент статистикалық нысандықағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)

Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) (заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при представлении респондентом на бумажном носителе)

### 2. Қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызмет көлемін көрсетіңіз, мың теңге

Укажите объем оказанных услуг по основному виду деятельности, тысяч тенге

1. Осы нұсқаулық "Көрсетілген IT қызметтердің көлемі туралы есеп" (2-қызмет көрсету (IT), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) төменде келтірілген кодтарына сәйкес IT қызмет көрсету саласында негізгі қызмет түрі бар респонденттер ұсынады:

1) 58.2 - бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару;

2) 62 - компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер;

3) 63.1 - ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет.

3. Статистикалық нысанды IT қызмет көрсету саласында негізгі қызмет түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ іріктемеге түскен дара кәсіпкерлер ұсынады.

Заңды тұлғалардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері егер оларға заңды тұлғалар статистикалық нысандарды тапсыру бойынша өкілеттік берсе, онда олар өзі орналасқан жері бойынша статистикалық нысандарды ұсынады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелердің мұндай өкілеттіктері болса, онда заңды тұлғалар статистикалық нысандарды олардың орналасқан жерін көрсете отырып, құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер бөлінісінде ұсынады.

4. 2-бөлімде IT қызметтердің көлемі көрсетеледі, көрсетілетін қызметті алушылар резиденттер болып табылады.

2-бөлімнің 1-бағанында "Көрсетілген қызметтер көлемі" көрсеткіші кәсіпорындардан, мекемелерден, халықтың көрсетілген қызметтерге үшін төлемінен түскен қаражат мөлшерінде көрсетілген қызметтердің құнын қамтиды.

Көрсетілген қызметтер көлеміне оларға төлем уақыты бойынша емес, олардың өндіріс процесіне кіру сәтіндегі қызметтерді ұсынумен байланысты барлық шығындар қосылады:

1) көліктік-дайындау шығыстарын ескерумен негізгі материалдардың, шикізаттың құны;

2) өндірістік және өзге де қажеттіліктерге (сынақ өткізу, бақылау) пайдаланылатын, сатып алынатын материалдардың құны;

3) отын, сондай-ақ қызметтің өндірісі үшін пайдаланылатын энергияның (электрлік, жылу, сығылған ауа) барлық түрлерін сатып алуға және өзге де коммуналдық қызметтерге арналған шығындар;

4) табиғи шикізатты пайдаланумен байланысты шығындар (су шаруашылығы жүйесінен алынған суға төлем, түбірімен босатылатын сүрек үшін төлем бөлігінде);

5) бөгде субъектілер орындаған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны;

6) өзге де материалдық шығындар;

7) жалақы төлеуге шығыстар;

8) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, іссапар, өкілдік шығыстар, қайырымдылық көмек және өзге де шығыстар;

9) кеңес беру, тергеу жүргізу бойынша және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жарнама, банк қызметтері сияқты бөгде ұйымдар көрсеткен қызметтер құны;

10) ағымдағы жөндеу.

Көрсетілген қызметтер көлеміне ғимараттар мен ғимараттардың құрылысына немесе күрделі жөндеуіне, машиналар мен жабдықтарды оларды пайдалану мерзімін арттыру және өнімділігін көбейту мақсатында жаңарту (негізгі капиталдың жалпы жинақталуы) және жөндеуге жұмсалған шығыстар қосылмайды.

Көрсетілген қызметтердің құны қосымша құн салығынсыз ағымдағы бағада есепке алынады.

2-бөлімнің 2 – 5-бағандарында IT қызметтердің көлемі көрсетіледі, олардың көрсетілетін қызметті алушылары меншік нысандары бойынша нақтылаумен көрсетілген заңды тұлғалар (резиденттер) болып табылады.

2-бөлімнің 2-бағанында көрсетілетін қызметті алушылары мемлекеттік меншіктегі, оның ішінде республикалық меншік және коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалар ( резиденттер) болып табылатын IT қызметтердің көлемі көрсетіледі.

2-бөлімнің 3-бағанында көрсетілетін қызметті алушылары жеке меншіктегі, оның ішінде азаматтардың меншік және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншіктегі (кәсіпорындардың мемлекет пен шет ел қатыспаған меншік , кәсіпорындардың мемлекет қатыс-қан меншік (шет елдің қатысуынсыз), бірлескен кәсіпорындардың шет ел қатысқан меншік, қоғамдық, соның ішінде діни бірлестіктердің меншік) заңды тұлғалар (резиденттер) болып табылатын IT қызметтердің көлемі көрсетіледі.

2-бөлімнің 4-бағанында көрсетілетін қызметті алушылары бірлескен кәсіпорындардың шет ел қатысқан меншіктегі заңды тұлғалар (резиденттер) болып табылатын IT қызметтердің көлемі көрсетіледі.

2-бөлімнің 5-бағанында көрсетілетін қызметті алушылары шет меншіктегі, оның ішінде басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарының меншік ( шет мемлекеттердің меншік, шет елдік заңды тұлғалардың меншік, шет елдік жеке тұлғалардың меншік) және халықаралық ұйымдардың меншіктегі заңды тұлғалар ( резиденттер) болып табылатын IT қызметтердің көлемі көрсетіледі.

2-бөлімнің 6-бағанда көрсетілетін қызметті алушылары (резиденттер) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын IT қызметтердің көлемі көрсетіледі.

5. 3-бөлімде IT қызметтердің көлемі көрсетеледі, көрсетілетін қызметті алушылар бейрезиденттер болып табылады.

3-бөлімнің 1-бағанында бейрезиденттерге көрсетілген IT қызметтердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 2-бағанында IT қызметтерді алушының елі көрсетіледі.

2,3-бөлімнің 1.1-жолында ЭҚЖЖ 58.21.0 "Компьютерлік ойындарды шығару" кез келген платформалар үшін компьютерлік ойындар құруды қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.2-жолында ЭҚЖЖ 58.29.0 "Өзге де бағдарламалық жасақтаманы шығаруы": операциялық жүйелер, бизнес және өзге де қосымшаларды өз есебінен белгілі бір нарық үшін дайын бағдарламалық жасақтаманы локализациялауды немесе бейімдеуді қоса алғанда, дайын (жеке пайдаланушылар үшін бейімделмеген) бағдарламалық жасақтаманы шығаруды қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.3-жолында ЭҚЖЖ 62.01.1 "Бағдарламалық кодты әзірлеу және тестілеу саласындағы қызмет":

1) құрылымын және мазмұнын әзірлеу және (немесе):

жүйелік бағдарламалық жасақтаманы (жаңартуларды, өзгертулер мен толықтыруларды қоса алғанда);

қолданбалы бағдарламалық жасақтаманы (жаңартуларды, өзгертулерді және толықтыруларды қоса алғанда);

деректер базасын;

интернет-ресурстарды (сайттарды) құру және жұмыс істеуі үшін қажетті бағдарламалық кодтарды жазуды;

2) клиенттің тапсырысы бойынша бағдарламалық қамтылымды өзгерту, яғни қолданыстағы қосымшаны тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесінің инфрақұрылымында жұмыс істеуі үшін өзгерту және конфигурациялауды;

3) бағдарламалық кодты тестілеуді (ақаулықтарды іздеуді) қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.4-жолында ЭҚЖЖ 62.01.2 "Бағдарламалық жасақтаманы, бағдарламалық өнімдерді, деректер базасын, интернет-ресурстарды (сайттарды), ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу":

1) консультациялық қолдау, бағдарламалық жасақтаманы, бағдарламалық өнімдерді , деректер базасын, интернет-ресурстарды (сайттарды), ақпараттық жүйелерді пайдаланушылардың өтініштерін қабылдауды және өңдеуді;

2) бағдарламалық жасақтаманың, бағдарламалық өнімдердің, деректер базасының, интернет-ресурстардың (сайттардың), ақпараттық жүйелердің ақауларын жоюды;

3) профилактикалық және қалпына келтіру жұмыстары, бағдарламалық жасақтаманың, бағдарламалық өнімдердің, деректер базасының, интернет-ресурстардың (сайттардың), ақпараттық жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін мониторингілеуді;

4) бағдарламалық жасақтаманы, бағдарламалық өнімдерді, деректер базасын, интернет-ресурстарды (сайттарды), ақпараттық жүйелерді енгізуді қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.5-жолында ЭҚЖЖ 62.01.3 "Ақпараттық технологиялар саласындағы жобаны басқару жөніндегі қызметі":

1) ақпараттық технологиялар саласындағы жобаны іске асыру бойынша технологиялық шешімдерді таңдауды;

2) ақпараттық технологиялар саласындағы жобаға қатысушылардың жұмысын ұйымдастыруды;

3) ақпараттық технологиялар саласындағы жобаның проблемалық мәселелерін шешуді;

4) ақпараттық технологиялар саласындағы жоба бойынша басқару құжаттамасын әзірлеу және өзгертуді (жоспар-график, хаттамалар, есептер, іскерлік хат алмасу) қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.6-жолында ЭҚЖЖ 62.01.4 "Техникалық құжаттаманы және жүйелік архитектураны әзірлеу саласындағы қызмет":

1) бағдарламалық жасақтаманы, бағдарламалық өнімдерді, деректер базасын, интернет-ресурстарды (сайттарды), ақпараттық жүйелерді (жобалау құжаттамасын) жасау немесе пысықтау кезінде қолданылатын техникалық құжаттаманы әзірлеуді, оған өзгерістер енгізуді;

2) бағдарламалық жасақтаманы, бағдарламалық өнімдерді, деректер базасын, интернет-ресурстарды (сайттарды), ақпараттық жүйелерді құру немесе пысықтау кезінде қолданылатын жүйелік архитектураны жобалауды қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.7-жолында ЭҚЖЖ 62.02.0 "Ақпараттық технологиялар саласындағы консультациялық көрсетілетін қызметтер":

1) серверлік жабдықты, бағдарламалық жасақтаманы және коммуникациялық технологияларды, соның ішінде тиісті пайдаланушыларды оқытуды біріктіретін аппараттық-бағдарламалық кешендерді жоспарлауды және жобалауды;

2) тұжырымдамаларды, стратегияларды, мемлекеттік бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және түзетуді;

3) техникалық түсіндірмелер мен негіздемелерді дайындауды;

4) аппараттық-бағдарламалық кешендер мен деректерді өңдеу орталықтарының аудитін (тексеру) қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.8-жолында ЭҚЖЖ 62.03.1 "Аппараттық-бағдарламалық кешендерге жүйелік-техникалық қызмет көрсету":

1) клиенттің орналасқан жерінде аппараттық-бағдарламалық кешендерді және/немесе деректерді өңдеу құралдарын басқаруды және олардың жұмыс істеуін ( пайдалануын), сондай-ақ ілеспе қызметтерді қамтамасыз етуді;

2) профилактикалық және қалпына келтіру жұмыстары, клиенттің орналасқан жеріндегі аппараттық-бағдарламалық кешендердің және/немесе деректерді өңдеу құралдарының жұмысқа қабілеттілігін мониторингілеуді, сондай-ақ ілеспе қызметтерді қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.9-жолында ЭҚЖЖ 62.03.2 "Аппараттық - бағдарламалық кешендерді монтаждау және баптау саласындағы қызмет" мыналарды қамтиды:

1) клиенттің орналасқан жерінде аппараттық-бағдарламалық кешендерді және/немесе деректерді өңдеу құралдарын монтаждау, сондай-ақ ілеспе қызметтер;

2) клиенттің орналасқан жерінде аппараттық-бағдарламалық кешендерді және/немесе деректерді өңдеу құралдарын пайдалану режиміне қосу және жөндеу, сондай-ақ ілеспе қызметтер.

2,3-бөлімнің 1.10-жолында ЭҚЖЖ 62.09.2 "Киберқауіпсіздік саласындағы қызмет":

1) ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі құжаттаманы (талаптарды) әзірлеу, оған өзгерістер енгізуді;

2) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынауға бағдарламалық өнімдерді, деректер базасын, сайттарды, ақпараттық жүйелерді, аппараттық-бағдарламалық кешендерді дайындауды;

3) ұйымның ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін қорғауды;

4) осалдықтарды анықтауды;

5) ақпараттандыру объектілерін қорғауды қамтамасыз ету мониторингін;

6) Интернет-ресурстардың мониторингін;

7) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес ақпараттық жүйелердің, автоматтандырылған басқару жүйелерінің, аппараттық-бағдарламалық кешендердің жұмыс істеу жағдайларының өзгерместігіне мониторингті;

8) ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне ден қоюды;

9) барлық қолжетімді арналар бойынша кәсіпорын шегінен тыс құпия ақпараттың таралуын бақылауды;

10) ақпараттық қауіпсіздік аудитін;

11) ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен инциденттерін жоюды;

12) ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді анықтау, талдау және алдын алу бөлігінде ақпаратты қорғау құралдарын әзірлеуді;

13) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуді қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.11-жолында ЭҚЖЖ 62.09.9 "Ақпараттық технологиялар саласындағы өзге де қызмет түрлеріне" басқа санаттарға кірмейтін ақпараттық технологиялар мен компьютерлерге қатысты өзге де қызмет түрлерін қамтиды, мысалы :

компьютерлерді авариялық қалпына келтіру бойынша көрсетілетін қызметтер;

дербес компьютерлерді орнату (баптау);

бағдарламалық жасақтаманы орнату бойынша көрсетілетін қызметтер.

2,3-бөлімнің 1.12-жолында ЭҚЖЖ 63.11.1 "Серверлік үй-жайларды (деректерді өңдеу орталықтарын) пайдалануға беру жөніндегі қызмет":

1) осы ақпараттандыру объектілеріне тұрақты қашықтан және физикалық қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, ақпараттандыру объектілерін орналастыру үшін серверлік, телекоммуникациялық инфрақұрылымды, технологиялық платформаларды ұсыну (хостинг);

2) интернет-ресурстарды (сайттарды), деректерді ағынмен жіберу сервистерін орналастыру үшін серверлік, телекоммуникациялық инфрақұрылымды, технологиялық платформаларды мамандандырылған ұсыну;

3) клиенттерге жоғары өнімді есептеу ресурстарына (суперкомпьютерлерге) мерзімді қол жеткізу мүмкіндігін беруді қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.13-жолында ЭҚЖЖ 63.11.3 "Цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызмет" блокчейн арқылы ақпараттандыру объектілеріндегі деректер блоктарының тұтастығын растауды қамтамасыз ететін деректерді шифрлау мен өңдеудің берілген алгоритмдеріне сәйкес компьютерлік, энергетикалық қуаттарды пайдалана отырып, есептеу операцияларын жүргізуді қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.14-жолында ЭҚЖЖ 63.11.4 "Деректерді өңдеу саласындағы қызмет":

1) деректерді трансформациялауды (түрлендіруді) қоса алғанда, клиенттің деректерін өңдеу және алынған нәтижелерді ұсынуды;

2) жеке немесе клиент ұсынған скорингтік, сегменттациялық және өзге де модельдер негізінде болжамды талдауды (болжамды талдау) қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.15-жолында ЭҚЖЖ 63.11.5 "Бағдарламалық өнімдерді, электрондық ақпараттық ресурстарды, мобильді және өзге де қосымшаларды пайдалануға беру" пайдаланушы (клиент) тарапынан байланыс қызметтерін қоспағанда, осы бағдарламалық өнімдерге қашықтан қол жеткізуді ұйымдастыру арқылы да, клиент ұсынған серверлік, телекоммуникациялық инфрақұрылымдарда, технологиялық платформаларда орналастыру арқылы да бағдарламалық өнімдерді, электрондық ақпараттық ресурстарды, мобильді және өзге де қосымшаларды пайдалануға беруді қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.16-жолында ЭҚЖЖ 63.12.0 "Веб-порталдардың қызметі":

1) ақпаратты жеңіл іздеуді қамтамасыз ететін Интернет-мекенжайлардың ауқымды деректер базасын жүргізу және әзірлеу мақсатымен іздеу жүйелерін пайдаланатын веб-сайттарды қолдану және форматта ұстауды;

2) Интернет желісінде порталдар ретінде жұмыс істейтін мерзімдік жаңартылып отыратын ақпараттарды ұсынатын бұқаралық ақпарат құралы веб-сайттары сияқты өзге де веб-сайттарының жұмыс істеуін қамтиды.

2,3-бөлімнің 1.3.1, 1.4.1, 1.5.1, 1.6.1, 1.16.1-жолдарында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген ұйымдардың Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес елішілік құндылықты (жергілікті қамтуды) есептеу жүргізіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген).

6. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша бастапқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген).

7. Осы статистикалық нысанды тапсыру электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық

статистика бюросының интернет-ресурсында (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған "Респонденттің кабинеті" арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

8. Ескертпе: Х-бұл позиция толтыруға жатпайды.

9. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

1-баған = ∑ 2, 3, 5, 6-бағандар барлық жолдар бойынша;

3-баған ≥ 4-баған;

1-жол = 1.1-жол+ 1.2-жол + 1.3-жол + 1.4-жол + 1.5-жол + 1.6-жол + 1.7-жол + 1.8-жол + 1.9-жол + 1.10-жол + 1.11-жол + 1.12-жол + 1.13-жол + 1.14-жол ;

1.3-жол ≥ 1.3.1-жол 1, 2, 3, 4, 5, 6-бағандар бойынша;

1.4-жол ≥ 1.4.1-жол 1, 2, 3, 4, 5, 6-бағандар бойынша;

1.14-жол ≥ 1.14.1-жол 1, 2, 3, 4, 5, 6-бағандар бойынша.

2) 3-бөлім:

1-жол = 1.1-жол+ 1.2-жол + 1.3-жол + 1.4-жол + 1.5-жол + 1.6-жол + 1.7-жол + 1.8-жол + 1.9-жол + 1.10-жол + 1.11-жол + 1.12-жол + 1.13-жол + 1.14-жол ;

1.3-жол ≥ 1.3.1-жол 1- баған бойынша;

1.4-жол ≥ 1.4.1-жол 1- баған бойынша;

1.14-жол ≥ 1.14.1-жол 1-баған бойынша.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті төрағасының
2020 жылғы 21 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
11-қосымша

Ескерту. Бұйрық 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.07.2023 № 10 ( 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики
Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 11
к приказу Председателя
Комитета по статистике Министерства
национальной экономики
Республики Казахстан
от 21 января 2020 года № 5

Лизингтік қызмет туралы есеп
Отчет о лизинговой деятельности

Индексі

жылдық есепті кезең

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Индекс | 1-лизинг | годовая | отчетный период | жыл год |

Қызметкерлердің санына қарамастан Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша 64.91.1 , 64.91.2, 77.11.2, 77.12.2, 77.31.2, 77.32.2, 77.33.2, 77.33.9, 77.34.2, 77.35.2, 77.39.2, 77.40.0 кодтарына сәйкес лизинг саласындағы негізгі қызмет түрімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, независимо от численности, с основным видом деятельности в области лизинга, согласно кодам Общего классификатора видов экономической деятельности 64.91.1, 64.91.2, 77.11.2, 77.12.2, 77.31.2, 77.32.2, 77.33.2, 77.33.9, 77.34.2, 77.35.2, 77.39.2, 77.40.0

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 30 наурызға (қоса алғанда) дейін

Срок представления – до 30 марта (включительно) после отчетного периода

БСН коды

код БИН

| | |
|---|---|
| 1. Қызмет көрсетілген өңірді көрсетіңіз (облыс, қала, аудан)<br>Укажите регион оказания услуг (область, город, район) | |
| 1.1 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (ӘАОЖ) (респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)<br>Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) (заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при представлении респондентом на бумажном носителе) | |
| 2. Лизинг қызметі (қаржылық, операциялық) түрін көрсетіңіз<br>Укажите вид лизинговой деятельности (финансовый, операционный) | |

## 3. Қызметіңіздің негізгі сипаттамаларын көрсетіңіз, мың теңге

Укажите основные характеристики деятельности, тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштер атауы<br>Наименование показателей | Барлығы<br>Всего |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Жыл ішінде алынған лизингтік төлемдер көлемі<br>Объем полученных лизинговых платежей за год | |
| 2 | Жыл соңында ағымдағы лизингтік портфель<br>Текущий лизинговый портфель на конец года | |

4. Қаржыландыру көздері бойынша лизинг шарттарының жалпы құнын көрсетіңіз, мың теңге

Укажите общую стоимость договоров лизинга по источникам финансирования, тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Лизинг объектілерінің атауы<br>Наименование объектов лизинга | Негізгі қорлар жіктеуіші бойынша коды<br>Код по Классификатору основных фондов | Меншікті қаражат<br>Собственные средства | Тартылған қаражат<br>Привлеченные средства | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бюджеттік қаражаттар<br>бюджетные средства | қарыз қаражаттар<br>заемные средства | шетел инвестициялары<br>иностранные инвестиции | басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де құралдар<br>прочие средства не включенные в другие группировки |
| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Барлығы<br>Всего | | | | | | |
| | соның ішінде:<br>в том числе: | | | | | | |
| 1.1 | Жер<br>Земля | 110.000000 | | | | | |
| 1.2 | Ғимараттар<br>Здания | 120.000000 | | | | | |
| 1.3 | Имараттар<br>Сооружения | 130.000000 | | | | | |
| 1.4 | Көлік құралдары мен жабдығы<br>Транспортные средства | 141.000000 | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | и оборудование | | | | | | |
| 1.5 | Өзге де машиналар мен жабдығы Прочие машины и оборудование | 142.000000 | | | | | |
| 1.5.1 | ауыл шаруашалығы және орман шаруашылығына арналған машиналар машины для сельского и лесного хозяйства | 142.283000 | | | | | |
| 1.6 | Өзге де негізгі құрал-жабдықтар Прочие основные средства | 150.000000 | | | | | |

5. Әрекет ету кезеңдері бойынша лизинг шарттарының құнын көрсетіңіз, мың теңге

Укажите стоимость договоров по периодам действия договоров лизинга, тысяч тенге

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштер атауы<br>Наименование показателей | 3 жылға дейін<br>до 3 лет | 3-тен 6 жылға дейін<br>от 3 до 6 лет | 6 жылдан жоғары<br>свыше 6 лет |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Барлығы<br>Всего | | | |
| | соның ішінде:<br>в том числе: | | | |
| 1.1 | Ауыл, орман және балық шаруашылығы<br>Сельское, лесное и рыбное хозяйство | | | |
| 1.2 | Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Горнодобывающая промышленность и разработка карьеров | | | |
| 1.3 | Өңдеу өнеркәсібі<br>Обрабатывающая промышленность | | | |
| 1.4 | Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау<br>Снабжение электроэнергией, газом, паром, горячей водой и кондиционированным воздухом | | | |
| 1.5 | Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет<br>Водоснабжение; сбор, обработка и удаление отходов, деятельность по ликвидации загрязнений | | | |
| 1.6 | Құрылыс<br>Строительство | | | |
| 1.7 | Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу<br>Оптовая и розничная торговля; ремонт автомобилей и мотоциклов | | | |
| 1.8 | Көлік және жинақтау<br>Транспорт и складирование | | | |
| 1.9 | Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету<br>Предоставление услуг по | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | проживанию и питанию | | | |
| 1.10 | Ақпарат және байланыс Информация и связь | | | |
| 1.11 | Қаржы және сақтандыру қызметі Финансовая и страховая деятельность | | | |
| 1.12 | Жылжымайтын мүлікпен операциялар Операции с недвижимым имуществом | | | |
| 1.13 | Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет Профессиональная, научная и техническая деятельность | | | |
| 1.14 | Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет Деятельность в области административного и вспомогательного обслуживания | | | |
| 1.15 | Білім беру Образование | | | |
| 1.16 | Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету Здравоохранение и социальное обслуживание населения | | | |
| 1.17 | Өнер, ойын-сауық және демалыс Искусство, развлечения и отдых | | | |
| 1.18 | Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну | | | |

| | Предоставление прочих видов услуг | | | |
|---|---|---|---|---|

6. Лизингті пайдалану бағыттары бойынша лизинг шарттары саны мен құнын көрсетіңіз

Укажите количество и стоимость договоров лизинга по направлениям использования лизинга

| Жол коды Код строки | Көрсеткіштер атауы Наименование показателей | Жер Земля | | Ғимараттар Здания | | Имараттар Сооружения | | Көлік құралдары мен жабдығы Транспортные средства и оборудование | | Өзге де машиналар мен жабдығы Прочие машины и оборудование | | Олардан ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығына арналған машиналар Из них машины для сельского и лесного хозяйства | | Өзге де негізгі құрал-жабдықтар Прочие основные средства | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бірлік единиц | мың теңге тысяч тенге | бірлік единиц | мың теңге тысяч тенге | бірлік единиц | мың теңге тысяч тенге | бірлік единиц | мың теңге тысяч тенге | бірлік единиц | мың теңге тысяч тенге | бірлік единиц | мың теңге тысяч тенге | бірлік единиц | мың теңге тысяч тенге |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 1 | Барлығы Всего | | | | | | | | | | | | | | |
| | соның ішінде: в том числе: | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.1 | Ауыл, орман және балық шаруашылығы Сельское, лесное и | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | рыбн о е хозяй ство | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.2 | Тау-к е н өндір у өнерк әсібі және карье рлерд і қазу Горн одоб ываю щая пром ышле нност ь и разра ботка карье ров | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.3 | Өнде у өнерк әсібі Обра баты вающ а я пром ышле нност ь | | | | | | | | | | | | | | |
| | Элек т р энерг иясы мен, газбе н , буме н , ысты қ суме н және ауан | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.4 | ы кондициялаумен жабдықтау Снабжение электроэнергией, газом, паром, горячей водой и кондиционированным воздухом | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.5 | Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет Водоснабжени | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | е ; сбор, обработка и удаление отходов, деятельность по ликвидации и загрязнений | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.6 | Құрылыс Строительство | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.7 | Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу Оптовая и розничная торговля; ремонт автомобилей и мото | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | циклов | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.8 | Көлік және жинақтау Транспорт и складирование | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.9 | Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету Предоставление услуг п о проживанию и питанию | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.10 | Ақпарат және байланыс Информация и связь | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.11 | Қаржы және сақтандыру қызметі Финансовая и страх | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | овая деятельность | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.12 | Жылжымайтын мүлікпен операциялар Операции с недвижимым имуществом | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.13 | Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет Профессиональная, научная и техническая деятельность | | | | | | | | | | | | | | |
| | Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету салас | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.14 | ындағы қызмет Деятельность в области административного и вспомогательного обслуживания | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.15 | Білім беру Образование | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.16 | Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету Здравоохранение и социальное обслуживание населения | | | | | | | | | | | | | | |
| | Өнер, ойын | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.17 | - сауық және демалыс Искусство, развлечения и отдых | | | | | | | | | | | | | | |
| 1.18 | Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну Предоставление прочих видов услуг | | | | | | | | | | | | | | |

7. Пайыздық мөлшерлемелер бойынша шарттардың саны мен құны

Количество и стоимость договоров лизинга по процентным ставкам

| Жол коды<br>Код строки | Көрсеткіштер атауы<br>Наименование показателей | саны, бірлік<br>количество, единиц | құны, мың теңге<br>стоимость, тысяч тенге |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| 1 | 10%-ға дейін<br>до 10% | | |
| 2 | 10%-дан 14%-ға дейін<br>от 10 до 14% | | |
| 3 | 14%-дан жоғары<br>свыше 14% | | |

8. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |
|---|---|---|---|---|---|
| до 1 часа | | | | | более 40 часов |

Атауы Мекенжайы (респонденттің)

Наименование _________________ Адрес (респондента) _____________________

__

Телефоны (респонденттің) ____ ___ Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің )___

Телефон (респондента) стационарлық ұялы Адрес электронной почты (респондента )

стационарный мобильный

Орындаушы

Исполнитель________________________ _________________________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының)

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности ________________ __

___

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности __________________ _____

__

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 21 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
12-қосымша

**"Лизингтік қызмет туралы есеп" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (индексі 1-лизинг, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұскаулық**

Ескерту. Бұйрық 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.07.2023 № 10 ( 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы нұсқаулық "Лизингтік қызмет туралы есеп" (индексі 1-лизинг, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Респондент қаржылық және операциялық лизинг саласындағы қызметті жүзеге асырған жағдайда аталған статистикалық нысан бойынша екі есеп – қаржылық және операциялық лизинг бойынша жеке ұсынады.

Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерге заңды тұлға статистикалық нысанды өткізу бойынша өкілеттік берсе, онда ол өзінің орналасқан жері бойынша аумақтық статистика органдарына осы статистикалық нысанды ұсынады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшенің статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктері болмаса, заңды тұлға өзінің орналасқан жеріндегі аумақтық статистика органдарына өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде олардың орналасқан жерлерін көрсете отырып статистикалық нысанды ұсынады.

Есептік деректер бүтін сандармен: құндық мәнде – мың теңгемен, объектілер саны бірлікпен көрсетіледі

Көрсетілген қызметтердің құны қосымша құн салығынсыз ағымдағы бағаларда ескеріледі.

3. 3-бөлімнің 1-жолында лизинг шартында көрсетілген есепті жылға есептелген лизингтік төлемдер көрсетіледі.

3-бөлімнің 2-жолында ағымдағы портфель, яғни есепті жылдың соңындағы ағымдағы мәмілелердің қалдық құны бойынша алуға берілетін лизингтік төлемдердің көлемі көрсетіледі.

4. 4-бөлімде Қаржыландыру көздері бойынша есепті жылы жасалған лизинг шарттарының жалпы құны көрсетіледі.

5. 5-бөлімде лизинг шарттарының қолданылу кезеңдері бойынша шарттардың жалпы құны көрсетіледі.

6. 6-бөлімде есепті жылы жасалған лизинг шарттарының жалпы құны мен саны көрсетіледі.

7. 7-бөлімде пайыздық мөлшерлемелер бойынша лизинг шарттарының жалпы құны мен саны көрсетіледі.

8. Есепті кезеңде (жылы) қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналып бекітілген Респонденттердің жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша

бастапқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей, тиісті статистикалық нысандардың орнына Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) бекітілген Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес қызметтің болмауы себептерін және осы қызмет жүзеге асырылмайтын мерзімді көрсетумен қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны белгіленген тәртіппен қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде ұсынады.

9. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған " Респонденттің кабинеті" арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

10. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 4-бөлім: 1-жол = әрбір баған үшін 1.1-1.5 және 1.6-жолдарының ∑;

1.5 жол ≥ әрбір баған үшін 1.5.1-жолынан;

2) 5-бөлім: 1 жол = әрбір баған үшін 1.1-1.18-жолдарының ∑;

3) 6-бөлім: 1 жол = әрбір баған үшін 1.1-1.18-жолдарының ∑;

9-баған ≥ әрбір жол үшін 11-бағанынан;

10 баған ≥ әрбір жол үшін 12-бағанынан;

4) "Бөлімдер арасындағы арифметикалық-логикалық бақылау":

4-бөлімнің 1.1-жолының 1-5-бағандарының ∑ = 6-бөлімнің 1-жолының 2-бағанына;

4-бөлімнің 1.2-жолының 1-5-бағандарының ∑ = 6-бөлімнің 1-жолының 4-бағанына;

4-бөлімнің 1.3-жолының 1-5 бағандарының ∑ = 6-бөлімнің 1-жолының 6-бағанына;

4-бөлімнің 1.4-жолының 1-5-бағандарының ∑ = 6-бөлімнің 1-жолының 8-бағанына;

4-бөлімнің 1.5-жолының 1-5-бағандарының ∑ = 6-бөлімнің 1-жолының 10-бағанына ;

4-бөлімнің 1.5.1-жолының 1-5-бағандарының ∑ = 6-бөлімнің 1-жолының 12-бағанына;

4-бөлімнің 1.6-жолының 1-5 бағандарының ∑ = 6-бөлімнің 1-жолының 14-бағанына ;

4-бөлімнің 1-жолының 1-бағандарының ∑ = 5-бөлімнің 1-жолының 1, 2, 3-бағандарының ∑;

6-бөлімнің 1-жолының 2, 4, 6, 8, 10, 14-бағандарының ∑ = 5-бөлімнің 1-жолының 1-3 бағандарының ∑;

4-бөлімнің 1-жолының 1-5-бағандарының ∑ = 7-бөлімнің 2-бағанының 1-3-жолдарының ∑;

5-бөлімнің 1-жолының 1, 2, 3-бағандарының ∑ = 7-бөлімнің 2-бағанының 1-3-жолдарының ∑;

6-бөлімнің 1-жолының 2, 4, 6, 8, 10, 14-бағандарының ∑ = 7-бөлімнің 2-бағанының 1-3-жолдарының ∑;

6-бөлімнің 1-жолының 1, 3, 5, 7, 9, 13-бағандарының ∑ = 7-бөлімнің 1-бағанының 1-3-жолдарының ∑.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК